



**«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

Академия ректорының
2025 жылғы 7 тамыздағы № 545
бұйрығымен бекітілген

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІ

Құжатталған рәсім

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Астана, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Қолдану саласы.....	3
3. Терминдер мен анықтамалар.....	3
4. Саясаттың мақсаты мен міндеттері.....	5
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....	5
6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.....	7
7. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі	8
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі..	8
9. Парақорлықпен күрес саласындағы мақсаттар және оларға қол жеткізуді жоспарлау	9
10. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау	10
11. Іскер әріптестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізуі	10
12 Сыйлықтар алу және беру.....	11
13 Күдік туралы хабарлау	12
14 Сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеу және шаралар қабылдау.....	12
15 ПКМЖ ішкі аудиті.....	12
16 Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері	13
17 Жоғары басшылық жүргізетін талдау	13
18 Хабардарлық және оқыту	14
19 Коммуникациялар.....	14
20 Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі	15
21 Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында Академия қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау бойынша мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары	15
22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік.....	17
23. Қорытынды ережелер.....	18

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Академия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты Академия қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және жолын кесу мақсатында қабылданған өзара байланысты қағидаттар, рәсімдер мен іс-шаралар кешенін білдіреді.

Академия мен оның қызметкерлері қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестігін орнықты даму жолдарының бірімен айқындай отырып, Академия басшылығы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын (бұдан әрі – Саясат) қабылдайды.

1.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң), сондай-ақ ISO 37001:2016 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйелері» халықаралық стандартына сәйкес әзірленген және келесілерді айқындайды:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарын;
- 3) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларының кешенін;
- 5) осы Саясатты сақтау бойынша жауапкершілікті.

1.3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерттеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу мен енгізу, Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Саясат субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа төзімсіз көзқарасын, Академия басшылығы мен қызметкерлерінің жоғары мінез-құлық стандарттарына адалдығын көрсету, сондай-ақ Академияның іскерлік беделін нығайту мен оған деген сенімді арттыру.

2. Қолдану саласы

2.1. Осы Саясат Академияның барлық қызметкерлерімен танысу және мүлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

2.2. Осы Саясат Академияның ресми интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Осы Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілер;

2) **парақорлық** – кез келген құндылықтағы (қаржылық немесе қаржылық емес) заңсыз артықшылықты ұсыну, уәде беру, беру, қабылдау немесе сұрау; бұл әрекеттер тікелей немесе жанама түрде және орналасқан жеріне қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін және қолданыстағы заңнаманы бұза отырып, адамның өз міндеттерін орындау немесе орындамауы үшін сыйақы немесе ынталандыру ретінде беріледі;

3) **парақорлықпен күрес менеджмент жүйесі (ПКМЖ)** – парақорлыққа қарсы басқару жүйелерін енгізуді қолдауға және қолданыстағы бақылауды күшейтуге арналған стандарт;

4) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

5) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

6) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

8) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал

ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

9) **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін жағдай;

10) **қызметкерлер** – Академиямен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалар.

3.2. Осы Саясатта қолданылған, бірақ ашып көрсетілмеген анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Академияның ішкі құжаттарына сәйкес түсіндіріледі.

4. Саясаттың мақсаты мен міндеттері

4.1. Осы Саясаттың мақсаты – Академия қызметкерлерінің адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтай отырып, өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

4.2. Осы Саясаттың міндеттері:

1) парақорлықпен күрес менеджмент жүйесін (ПКМЖ) әзірлеу, енгізу және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде Академия басшылығы тарапынан көшбасшылық пен міндеттемелерді көрсету;

3) сыбайлас жемқорлықты туындататын себептер мен жағдайларды жою;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу;

5) Академия қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Академия қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтау мәдениетін қалыптастыру;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

7) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

5.1. Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік. Академия өзінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен көрінісіне толықтай төзбеушілік қағидатын ұстанады. Бұл қағидат Академияның атынан немесе мүддесінде әрекет ететін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге тікелей немесе жанама түрде, жеке немесе делдал арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді.

2) Басшылықтың көшбасшылығы.

Академия ректоры мен вице-ректорлары сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне ымырасыздық танытып, барлық деңгейде осы қағидатты жеке үлгі арқылы көрсетіп, сақтап, іске асыруы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы стратегиялық бағыттарды іске асыру үшін Академия басшылығы келесі міндеттемелерді қабылдайды:

Академия қызметкерлері мен контрагенттерге қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау;

Академияның парақорлықпен күрес менеджмент жүйесін қолдау және жетілдіру;

қызметкерлердің міндеттерін әділетсіз орындауына әкелуі мүмкін мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу;

қызметкерлер мен контрагенттердің сыбайлас жемқорлық немесе әдепсіз мінез-құлық фактілері туралы хабарлауына арналған «Сенім желісінің» жұмысын қамтамасыз ету;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткен тұлғаларды қолдау;

Академияда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру;

Академия қызметкерлерінің біліктілігін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және парақорлыққа қарсы оқыту және сертификаттау арқылы арттыру.

3) Қызметкерлердің қатысуы.

Академия өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етіп отырады және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыру мен іске асыруға белсенді қатысуын құптайды. Академия барлық қызметкерлерінің осы Саясатта көрсетілген қағидаттарды ұстануын және қолданыстағы заңнама мен Академияның ішкі нормативтік және ұйымдастырушылық құжаттарының барлық талаптарын сөзсіз орындауын күтеді.

Академия, егер қызметкер заңға қайшы әрекет жасауға бас тартқан жағдайда, мұндай бас тарту нәтижесінде Академия қосымша материалдық немесе материалдық емес пайда алмаған болса немесе заң талаптарын бұзбайынша болдырмауға болмайтын шығын шексе де, мұндай қызметкерге ешқандай жазалау шаралары қолданылмайтынына кепілдік береді.

Академия басқа қызметкер жасаған немесе Академия қызметкеріне қатысты жасалған сыбайлас жемқорлық фактісі туралы адал ниетпен хабарлаған қызметкерлерге қарсы заңсыз әрекеттерді анықтауға және жолын кесуге ұмтылады.

4) Жазаның бұлтартпастығы.

Академия лауазымы, еңбек өтілі немесе өзге де жағдайларына қарамастан, қызметтік міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасаған қызметкерлердің міндетті түрде жауапкершілікке тартылатынын мәлімдейді.

5) Заңдылық.

Академия Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын заң талаптарына қайшы келмейді.

6) Сақтаудың шартсыздығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің қолданылатын заңнамаға және ішкі нормативтік актілерге сәйкес талаптарын Академияның барлық қызметкерлері бұлжытпай орындауы тиіс.

7) Лауазымдық сақтық.

Академия іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдас бұрын үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасушы кандидаттардың адалдығы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігі және мүдделер қақтығысының жоқтығы тұрғысынан тексеру жүргізеді.

8) Өзара іс-қимыл және үйлестіру.

Академия сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды үйлестіреді. Академия өз құндылықтарын бөлісетін іскерлік серіктестермен жұмыс істеуді жөн көреді. Осы қағидатты жүзеге асыру мақсатында Академия контрагенттерді тарту кезінде тиісті сақтықты танытады және оларды осы Саясаттың талаптарымен таныстырады.

9) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау.

Академия сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін бизнес-процестерді уақтылы бақылау мақсатында тұрақты түрде бағалау жүргізеді. Академия заң бұзушылықтың мөлшеріне қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылу қаупін басқарудың маңыздылығын мойындайды. Академия құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық әрекеттері немесе қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

6.1. Академияда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Академия қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілігін қалыптастыру:

қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын түсіндіру;

Академияда және өзге де мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы Академия қызметкерлерінің назарына жеткізу;

2) Академия қызметкерлеріне, оның ішінде бос лауазымға орналасуға кандидаттарға біліктілік талаптарын қою;

3) кадр жұмысының практикасына қызметкердің өз қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережені енгізу.

6.2. Саясат атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс өтіліне қарамастан Академия қызметкерлеріне таралатын жалпыға міндетті нормалар мен ережелерді қамтиды. Саясат Академия үшін жұмысты орындайтын немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде қызмет көрсететін тұлғаларға да қатысты.

7. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі

7.1. Академияда ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі әзірленді, енгізілді, жұмыс жағдайында ұсталады және үнемі жетілдірілуде.

7.2. ПКМЖ тәуекелді анықтау және бағалау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау және оған қатысты шаралар қабылдау үшін әзірленген қаражат бар.

7.3. Академияда жүйелердің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің процестері мен қажетті тетіктері айқындалған.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі

8.1. Академиядағы Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің (ПКМЖ) жұмыс істеуіне жауапкершілік комплаенс офицерге жүктеледі. Комплаенс офицердің функцияларына мыналар кіреді:

1) Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен және мақсаттарымен байланысты бағыттарын айқындауға қатысу;

- 2) ISO 37001:2016 халықаралық стандартына сәйкес ПКМЖ жоспарлау, әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуіне қатысты шешімдер қабылдау;
 - 3) ПКМЖ тұрақты жетілдіру бойынша шешімдерді қабылдауға қатысу;
 - 4) Академияда ПКМЖ талаптарының әзірленуі мен орындалуын бақылау;
 - 5) ПКМЖ бойынша ішкі аудиттерді өткізуге қатысу;
- ПКМЖ-ны жұмыс күйінде ұстауға бағытталған іс-шараларды дайындау бойынша шешімдерді қабылдауға, аудиттерге дайындықты ұйымдастыруға және сыртқы аудиторлармен бірлесіп жұмыс жүргізуге қатысу;
- 6) ПКМЖ мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен байланыс орнату және қолдау.

9. Парақорлықпен қарсы күрес саласындағы мақсаттар және оларға жетуді жоспарлау

9.1. ISO 37001:2016 халықаралық стандартына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін қажетті талаптарды қоса алғанда, Академия үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент саласында мақсаттар қоюды Академия басшылығы жыл сайын қаржы жылына жүргізеді.

9.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатпен келісілген;
- 2) өлшенетін;
- 3) ұйымның мәнмәтінің, мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескереді;
- 4) қол жеткізілетін;
- 5) бақыланады;
- 6) Академия қызметкерлерінің назарына жеткізілді;
- 7) қажет болған жағдайда жаңартылады.

9.2. Мақсаттарды Академия ректоры бекітеді.

9.3. Мақсаттарды бөлімшелер мен қызметкерлер деңгейіне дейін нақтылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жоспары шеңберінде іс шараларды жоспарлау кезінде орын алады.

9.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдарды жоспарлау кезінде мыналарды айқындау қажет:

- 1) не істеу керек;
- 2) қандай ресурстар қажет;
- 3) мақсаттарға жету үшін кім жауапты болады;
- 4) қажетті әрекеттерді қашан аяқтау керек;
- 5) нәтижелер қалай бағаланады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді бағалау

10.1. Академия тәуекелдерді бағалауды Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Осыларға сәйкес Академия:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтайды;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалайды;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- 4) ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық менеджменті саласындағы тәуекелдер Академия контекстімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент саласындағы саясатпен және мақсаттармен байланысты.

10.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

- 1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;
- 2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымды іске асыру мерзімдері.

10.3. Талдамалық анықтаманы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген тұлғалар, қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілген бөлімшенің басшысы келіседі. Аналитикалық анықтама Академия ректорына қарау және шаралар қабылдау үшін енгізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданатын) шаралар туралы ақпарат Академияның интернет-ресурсында орналастырылады.

11. Іскер әріптестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді енгізуі

11.1. Сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелдерін азайту мақсатында Академия іскер әріптестерге, оның ішінде олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз рәсімдерінің болуы, мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан кешенді тексеру жүргізеді.

11.2. Академия іскер контрагенттердің Саясатта көрсетілген қағидаттарды сақтауға, шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды енгізуге, өзара уағдаластықтарды бұзу жағдайларын тергеу кезінде жәрдем көрсетуге дайын екендігін құптайды.

11.3. Академия Саясат қағидаттарын қолдайтын және өзінің тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктері бар іскер серіктестермен іскерлік қатынастарды дамытуға ұмтылады.

11.4. Академия іскер серіктестердің өкілдерін шешімді Академияның пайдасына ықпал ету мақсатында материалдық ынталандырудан, оның ішінде қызмет көрсету, ақшалай қаражат төлеу, сыйлықтар беру арқылы қалыс қалады.

11.4. Академия қызметкерлеріне қолданыстағы заңнаманың, осы Саясаттың және өзге де нормативтік актілердің талаптарына қайшы келетін қандай да бір операциялар жасау үшін делдалдарды, агенттерді және өзге де тұлғаларды тартуға тыйым салынады.

11.5. Іскер әріптестердің енгізілген тетіктерінің болуы іскер серіктестің сыбайлас жемқорлық тәуекелін және кешенді тексеру жүргізу шараларын азайтады.

11.6. Академия шарттар жасасу кезінде өзінің іскер әріптестерін Саясаттың ережелерімен таныстырады және шартқа тараптардың қосымша сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелерін және шарттың талаптарын орындау кезінде тараптардың кез келгенінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау салдарын көздейтін ережелерді – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізеді.

12. Сыйлықтар алу және беру

12.1. Академия қызметкерлері Академияның парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің іс-әрекеті саласында қызметкердің адалдық пен парасаттылық ережелеріне қайшы әрекет ету мінез-құлқына әсер ету ниетімен сыйлық немесе пайда ұсыну, беру, бопсалау немесе алу құқық бұзушылық болып саналады және сыбайлас жемқорлыққа (парақорлық түрінде) әлеуеті бар екенін мойындайды. Сыйлық беру мүдделер қақтығысын қамтуы немесе мүдделер қақтығысын тудыруы мүмкін.

Сыйлықтар:

1) егер сый берушінің мүддесіне әрекет жасау (әрекетсіз болу) үшін берілсе, бұл әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғалардың қызметтік өкілеттігіне кіретін болса немесе лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал еткен болса;

2) олардың хабарынсыз түскендер;

3) ресми және басқа да хаттамалық іс-шаралар кезінде табысталған (берілген) сыйлықтар — мемлекет меншігі болып есептеледі және сыйлық алынған (табылған) күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде уәкілетті мемлекеттік мүлік органына тапсыруға жатады (жұмыс жетістіктері немесе өзге де еңбегі үшін берілген сыйлықтар бұл талапқа жатпайды).

12.2. Өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайтын барлық тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне (жұбайлары, ата-аналары, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және олармен тұрақты тұратын адамдар) кез келген материалдық сыйақыларды, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдауға тыйым салынады.

13. Күдік туралы хабарлау

13.1. Қызметкерлер, лауазымды және мүдделі тұлғалар, егер оларға Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, реттеуші талаптарын және/немесе ішкі рәсімдерін сақтамағаны туралы белгілі болған жағдайда, бұл туралы заңнамада және ішкі нормативтік құжаттарда көзделген тәртіппен хабардар етуге тиіс.

13.2. Жоғары сенім деңгейін ұстап тұру, сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында Академияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желі жұмыс істейді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеу және шаралар қабылдау

14.1. Академияда сыбайлас жемқорлық фактілері немесе осындай фактілерге күдік туындаған жағдайларды тергеп-тексеру жауапкершілігі комплаенс офицерге жүктеледі.

14.2. Тергеп-тексеру және кейінгі кез келген іс-әрекеттер барысында Академия мынадай факторларды ескеруі тиіс:

- 1) қолданыстағы заңнама;
- 2) қызметкерлердің қауіпсіздігі;
- 3) жағдай мен тергеп-тексеру шеңберінде фактілер анықталғанға дейін құпиялылықты сақтау.

15. ПКЖМ ішкі аудиті

15.1. Академияда парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі (ПКМЖ) бойынша ішкі аудиттер жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажет болған жағдайда жоспардан тыс ішкі аудиттер жүргізіледі. Ішкі аудиттер ПКМЖ келесі аспектілерін анықтау мақсатында өткізіледі:

- 1) ПКМЖ халықаралық ISO 37001:2016 стандартының талаптарына сәйкес келе ме және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізіліп жатыр ма;
- 2) ПКМЖ тиімді түрде енгізілген бе және жұмысқа жарамды күйде ұсталып отыр ма.

15.2. ПКМЖ ішкі аудит бағдарламасы тексерілетін процестер мен қызмет салаларының маңыздылығын, елеулі өзгерістер мен алдыңғы нәтижелерді ескере отырып жасалады.

15.3. Аудиттерді жоспарлау барысында:

- 1) аудит жүргізу әдістері айқындалады;
- 2) аудиттің өлшемшарттары мен аудит жүргізілетін сала белгіленеді;
- 3) аудиторлар өздерінің қызметін тексеруге қатыспайды.

15.4. Аудит нәтижелері жүргізілген аудитке қатысты жазбаларда тіркеледі.

15.5. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі (ПКМЖ) бойынша ішкі аудиттер «Ішкі аудит» құжатталған рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері

16.1. Академияда сәйкессіздіктердің белгіленуін және басқарылуын қамтамасыз ететін тәртіп бар:

- 1) сәйкессіздіктерді талдау;
- 2) сәйкессіздіктің себептерін анықтау;
- 3) барлық қажетті әрекеттерді орындау;
- 4) әрбір қабылданған түзету әрекетінің нәтижелілігін талдау;
- 5) қажет болған жағдайда ПКМЖ өзгерістер енгізу.

16.2. Түзету әрекеттері анықталған сәйкессіздіктердің салдарына сәйкес келуі керек.

16.3. Анықталған сәйкессіздіктердің сипаты, кейінгі қабылданған іс-әрекеттер және олардың нәтижелері туралы құжатталған ақпарат түзету іс-әрекеттері мен анықталған сәйкессіздіктер журналдарында құжатталған ақпарат ретінде сақталады.

17. Жоғары басшылық жүргізетін талдау

17.1. Академияның жоғарғы басшылығы парақорлықпен күрес менеджменті жүйесін (ПКМЖ) жылына бір рет тұрақты түрде талдайды. Талдау мақсаты – ПКМЖ Академияның даму стратегиясына сай болуын, оның тиімділігі мен жеткіліктілігін, жарамдылығын қамтамасыз ету. Талдау нәтижелері бойынша ПКМЖ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат пен мақсаттарға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы, сондай-ақ ПКМЖ жетілдіру жөнінде шешімдер қабылданады. ПКМЖ талдау нәтижелері құжат түрінде ресімделеді, құрылымдық бөлімше басшыларына жеткізіледі және комплаенс офицерде сақталады.

17.2. Академияның жоғары басшылығы ПКМЖ нәтижелілігі туралы есепті бекітеді.

18. Хабардарлық және оқыту

18.1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы өз рөлі мен қызметінің маңыздылығы туралы хабардарлығын қамтамасыз ету келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) Саясатпен таныстыру арқылы;
- 2) қызметкерлердің ПКМЖ тиімділігіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қосқан үлесі туралы басшылардың түсіндіру жұмыстары арқылы;
- 3) басшылардың ПКМЖ белгіленген талаптарға сәйкес келмеу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың салдары туралы түсіндіру жұмыстары арқылы;
- 4) қызметкерлер мен Академияға сыбайлас жемқорлықтан келуі мүмкін зиян мен тәуекелдер туралы ақпараттандыру арқылы;
- 5) міндеттерін орындау барысында пара ұсынылуы мүмкін жағдайлар және мұндай жағдайларды қалай тануға болатыны туралы ақпарат беру арқылы;
- 6) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлықпен күреске қалай көмектесе алатыны және сыбайлас жемқорлық белгілерін қалай анықтау керектігі туралы хабардарлығын арттыру арқылы;
- 7) қызметкерлердің кез келген күдік туындаған жағдайда кімге және қалай хабарлауы қажет екендігі туралы хабардар ету арқылы.

18.2. Академия қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент саласында бөгде ұйымдарда және Академия ішінде оқытылады. Құжатталған ақпарат сақталады және өзекті күйінде қолданылады.

19. Коммуникациялар

19.1. ПКМЖ нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін оны әзірлеу және өзгерту кезінде қажетті ақпарат алмасу көзделеді, оның ішінде:

- 1) қандай ақпарат беріледі;
- 2) ақпарат қашан беріледі;
- 3) ақпарат кімге беріледі;
- 4) ол қалай беріледі;
- 5) ақпаратты кім береді.

19.2. Академияда қызметкерлердің ақпараттандырылуы мен өзара коммуникациясы келесі жолдар арқылы қамтамасыз етіледі:

- 1) автоматтандырылған жүйелерді пайдалану арқылы;
- 2) файлдық серверлерді қолдану арқылы;
- 3) ішкі электрондық пошта хат алмасуы арқылы;
- 4) жедел хабар алмасу қызметтері арқылы;
- 5) ішкі вебинарлар мен семинарлар өткізу арқылы;

6) Академия сайты арқылы.

19.3. Ақпараттандыру ПКМЖ нәтижелілігі мәселелерін қамтиды, оның ішінде:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты;

2) тиісті мақсаттар;

3) қызметкерлердің ПКМЖ нәтижелілігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі және менеджмент жүйесін жақсартудың пайдасы туралы ақпарат;

4) ПКМЖ талаптарына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкессіздіктердің салдары туралы.

19.4. Қызметкерлердің коммуникациялары коммуникациялардың мақсатын, олардың уақытын немесе жиілігін, коммуникацияларға қатысушыларды, коммуникациялардың неғұрлым қолайлы тәсілін ескере отырып белгіленеді.

20. Порядок предотвращения и урегулирования конфликта интересов

20.1. Академияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті:

1) мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдауға;

2) қызметтік міндеттерін орындау кезінде Академияның мүдделерін басшылыққа алуға және жеке мүдделері Академия мүдделеріне қайшы келуі мүмкін жағдайлар мен мән-жайлардан аулақ болуға. Егер мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) орын алған жағдайда, бұл туралы жазбаша түрде тікелей басшысына, жоғары тұрған басшылыққа және Академияның комплаенс-офицеріне хабарлауға міндетті.

20.2. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу – мүдделер қақтығысына қатысы бар Академия қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуге (қызметтік міндеттерін атқарудан босатуға дейін) және мүдделер қақтығысына себеп болған пайдадан бас тартуына негізделуі мүмкін.

21. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында Академия қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау бойынша мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

21.1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру барысында Академия қызметкерлері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ішкі нормативтік құжаттар мен Академия Жарғысын басшылыққа алуға;

2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және өзге тілдерге, халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) өз әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сын туындауына жол бермеуге, сынға ұшырағаны үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту мақсатында сындарды сындарлы түрде қабылдауға;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу барысында ұйымдар мен өзге тұлғалар қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;

7) тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарға жол бермеуге;

8) табыс табумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмектесуден бас тартуға.

21.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау барысында Академия қызметкерлері міндетті:

1) жеке сипаттағы мәселелерді шешу барысында ұйымдар мен өзге тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

2) лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында әріптестерге, басшыларға және басқа да қызметкерлерге сыйлық бермеуге және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытуға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын әшкерелеуге;

4) өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе әдейі созбалаңға салу үшін қандай да бір пайда алу ниетіндегі әрекеттер туралы Академия басшылығына және комплаенс офицеріне хабарлауға;

5) орындалуға берілген нұсқаудың заңдылығына күмән туындаған жағдайда бұл туралы тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлауға;

6) қызметтік міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысы, жеке мүдделілік туындаған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа итермелеу немесе сыйлық алу фактілері туралы тікелей басшысына, жоғары тұрған басшысына және Академияның комплаенс офицеріне баяндауға;

7) егер тікелей басшы мүдделер қақтығысына тартылған болса, бұл туралы Академия басшылығына және комплаенс офицерге жүгінуге;

8) қызметтік және таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланбауға.

21.3. Қызметтер мен өзге де функцияларды көрсету кезінде Академия қызметкерлері міндетті:

1) қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдауға;

2) қызметтерді көрсету тәртібі туралы толық әрі шынайы ақпаратты пайдаланушыларға қолжетімді түрде ұсынуға;

3) талап етілмеген құжаттарды сұратуға жол бермеуге, сондай-ақ қызметтер мен өзге де функцияларды көрсету барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеуге;

4) қызметтерді көрсету процесін үнемі жетілдіруге, қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз етуге.

21.4. Академия қызметінде туындайтын өзге де қатынастарда қызметкерлер міндетті:

1) бағынышты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің аясын нақты және анық айқындауға;

2) бағыныштылар арасында еңбек жүктемесінің тең бөлінбеуіне жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік танытуға;

4) айқын орындалмайтын немесе лауазымдық міндеттеріне кірмейтін, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін нұсқаулар бермеуге;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеуге жол бермеуге;

7) әріптестерде лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын уақтылы реттеу бойынша кешенді шаралар қабылдауға;

8) Академия мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, оны ұқыпты, тиімді және қызметтік мақсаттарда, соның ішінде автокөлік құралдарын да пайдалану.

22. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

22.1. Академия қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

22.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Академияның лауазымды адамдары

мен қызметкерлері Академияның материалдық залалын өтеуден босатылмайды.

23. Қорытынды ережелері

23.1. Академия басшылығы мен қызметкерлері парақорлықпен күрес менеджменті жүйесінің талаптарын орындауға және оны үнемі жақсартуға міндеттенеді.

23.2. Академия басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады және ол үшін барлық қажетті ресурстарды бөлуге міндеттенеді.